Пайдалану бойынша нұсқаулық

Автомобиль магнитоласы
DVO-4121

DEXP

Мазмұны

Құрылғы мақсаты **4**

Сақтық шаралары **4**

Орнату нұсқаулары **4**
Дайындық 5
Орнату 5

Құрылғы схемасы **7**
Магнитола 7
ҚБ пульті 8

Пайдалану **9**
Құрылғыны қосу/өшіру 9
Жұмыс режимдерін ауыстыру 9
Дыбыс деңгейін реттеу 9
Негізгі мәзір 9
Эквалайзер 13
Дыбысты өшіру 13
Радио режимінде жұмыс істеу 13

MP3 ойнату режимінде жұмыс істеу **14**
Ойнату/Кідірту 14
Композицияларды ауыстыру 14
Алдын ала тыңдау композициялары (INT) 15
Қайталау (RPT) 15
Кездейсоқ ойнату (RMD) 15
MP3 файлын немесе буманы іздеу 15
USB/SD қосылымы 15
AUX режимі 15
BLUETOOTH-пен жұмыс 15

Техникалық сипаттамалар **16**

Жинақталым **16**

Ықтимал ақаулар және оларды жою тәсілдері **17**

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары **18**

Қосымша ақпарат **19**

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсынымдар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойып, өнімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Автомобиль магнитоласы медиафайлдарды автомобильдің акустикалық жүйесі арқылы ойнатуға арналған.

Сақтық шаралары

- Автомобильді басқару кезінде сізді алаңдатуы мүмкін дыбыс деңгейін реттемеңіз және құрылғымен басқа да әрекеттер жасамаңыз.
- Құрылғыны күшті магнит өрісі әсер ететін жерлерде пайдаланбаңыз (ол Bluetooth және радио жұмысына әсер етуі мүмкін).
- Жаңбырлы ауа райында немесе жоғары ылғалдылықта конденсат пайда болуы мүмкін, бұл құрылғының бұзылуына әкелуі ықтимал. Құрылғыны пайдаланбас бұрын ылғал сіңіргіштерді қолданыңыз немесе ылғалдың толық буланып кетуін күтіңіз.
- Қозғалыс кезінде автомобильдің айналасындағы барлық дыбысты естуіңіз үшін дыбыс деңгейін сондай дәрежеде ұстаңыз.
- Жұмыс температурасының диапазоны: -20 °C-тан +50 °C-қа дейін. Құрылғыға ыстықтың немесе тікелей күн сәулесінің ұзақ әсер етуіне жол бермеңіз. Құрылғының қызып кетуінен аулақ болыңыз.
- Музыканы жоғары дыбыс деңгейінде ұзақ уақыт үздіксіз ойнату құрылғының қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сезу немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар қадағалап отырған жағдайларды қоспағанда. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

Орнату нұсқаулары

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Құрылғыны көру аймағыңызды жауып қалатын немесе көлікті жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шараларын қандай да бір басқа жолмен бұзатын жерлерге орнатпаңыз.


Дайындық

Құрылғы автомагнитолаға арналған арнайы қосқышы бар көлікке орнатуға арналған. Ерекше жағдайларда магнитоланы құралдар тақтасына орнату үшін арнайы құралдар қажет болуы мүмкін. Осы орнатуды орындауға қажетті жинақты алу үшін радиоэлектроника немесе автомобиль дыбысы бойынша мамандандырылған дүкенге хабарласыңыз.


- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін магнитоланы орнатуды бастамас бұрын тұтандыру өшірулі екеніне көз жеткізіп, көліктің аккумуляторынан теріс клеммаңызды (-) ажыратыңыз.
- Бұл құрылғыны орнатуды бастамас бұрын, оның тесіктерінен тасымалдау болттарын алыңыз.

Орнату

1. Магнитола корпусынан орнату тіреуішін алып тастаңыз.




2. Орнату тіреуішін автомобильдің құралдар тақтасындағы магнитола қосқышына орнатыңыз. Алдымен тіреуіштің тақтадағы қосқышқа өлшемі бойынша сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер ол қосқышқа сыймаса, құралдар тақтасындағы тесікті кеңейту үшін автодыбыстың мамандандырылған орталығына немесе автосервиске хабарласуыңыз қажет.




Назар аударыңыз: Орнату тіреуішін майыруға немесе құралдар тақтасындағы тесікті өз бетіңізше кеңейтуге әрекет жасамаңыз. Мұны тек білікті мамандарға сеніп тапсырыңыз. Орнату тіреуішінің жоғарғы, төменгі, сол жақ және оң жақ бүйірлерінің бүкіл ұзындығы бойымен арнайы шығыңқыларды табыңыз. Тіреуішті құралдар тақтасындағы тесікке толық киргізгеннен кейін, орнату тіреуішін тесікте сенімді бекіту үшін осы шығыңқыларды кері жаққа қайырыңыз.

3. Сымдарды бекіту кронштейні арқылы тарту үшін таспаны тақтадағы тесікке қарама-қарсы қойыңыз.
4. Магнитола корпусына түсірілген қосылу схемасын мұқият зерттеп, барлық сымдарды оған қатаң сәйкес қосыңыз. Содан кейін барлық қосылыстардың берік қыстырылғанына немесе оқшаулағыш таспамен оралғанына көз жеткізіңіз. **Назар аударыңыз:** Құрылғыны кернеуі 12 В жерге тұйықталған қуат көзіне қосуға болады.
5. Барлық сымдарды қосқаннан кейін, құрылғының жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін оны қосыңыз (автомобильдің тұтандыруы қосулы болуы тиіс). Егер магнитола жұмыс істемесе, барлық сым қосылыстарын қайтадан тексеріңіз. Құрылғы жұмыс істей бастағаннан кейін автомобильдің тұтандыруын өшіріп, магнитоланы орнатудың қорытынды қадамдарын орындауға болады.
6. Серіппелі қысқыштар бекітілгенше радионы қапсырмаға ақырын салыңыз.



7. Магнитоланың жұмысқа қабілеттілігін тағы бір рет тексеріңіз.


Құрылғы схемасы
Схема устройства
Магнитола
Магнитола



1. ҚУАТ: құрылғыны қосу/өшіру үшін қуат батырмасын басыңыз. «SRC»: мәзір параметрлері арасында ауысу үшін басыңыз. КОНЫРАУДЫ ҚАБЫЛДАУ: қоңырауды қабылдау немесе бос қоңырауды ұстау үшін басыңыз.
2. «RP»: радиостанцияларды ауыстыру үшін басыңыз. «AS»: радиостанцияларды автоматты түрде жаңа сақтау үшін басып тұрыңыз. ҚОҢЫРАУҒА ЖАУАП БЕРУ: қоңырауға жауап беру үшін басыңыз.
3. «EQ»: эквалайзерді реттеу үшін басыңыз.
4. «VOL»/«SEL»: дыбыстың деңгейін реттеу үшін айналдырыңыз; дыбыс параметрлерін ауыстыру үшін басыңыз.
5. « ▶▶| »: жиіліктің кему ретімен радиостанцияны автоматты іздеу келесі композицияны таңдау.
6. ИҚ пультінің сигнал қабылдағышы.
7. LED дисплей.
8. SD картасының ұясы.
9. Разъем Type-C для зарядки телефона.
10. «MUT»: дыбысты өшіру және қосу үшін басыңыз.
11. «CLK»: сағатты орнату үшін басып тұрыңыз.
12. « |◀◀ »: жиіліктің кему ретімен радиостанцияны автоматты іздеу; алдыңғы композицияны таңдау.
13. Кіріктірілген микрофон.
14. «1»/« ▶|| »: 1-радиостанцияны таңдау; композицияны ойнату/тоқтату.
15. «2»/«INT»: 2-радиостанцияны таңдау; тыңдауға дейінгі режимді қосу.
16. «3»/«RPT»: 3-радиостанцияны таңдау; бір/барлық композицияларды қайталау.
17. «4»/«RDM»: 4-радиостанцияны таңдау; кездейсоқ ойнату режимін қосу.
18. «5»/« -10»: 5-радиостанцияны таңдау; 10 композицияға артқа өту.
19. «6»/« +10»: 6-радиостанцияны таңдау; 10 композицияға алға өту.
20. AUX қосқышы.
21. Универсалды зарядтағыш USB порты.

1. **ПИТАНИЕ: нажмите кнопку питания для включения/выключения устройства.**
2. **«SRC»: нажмите для перехода между пунктами меню.**
3. **«ОТВ»: нажмите для завершения или отмены звонка.**
4. **«AS»: удерживайте для автопоиска и сохранения радиостанций.**
5. **ПРИНЯТИЕ ЗВОНКА: нажмите для принятия звонка.**
6. **«EQ»: нажмите для настройки эквалайзера.**
7. **«VOL»/«SEL»: выбор отрегулировать громкость; нажмите для переключения параметров звука.**
8. **« ▶▶| »: автоматический поиск радиостанции в порядке увеличения частоты; выбор следующей композиции.**
9. **Приемник сигнала пульта ДУ.**
10. **LED дисплей.**
11. **Слот для SD карты.**
12. **Разъем Type-C для зарядки телефона.**
13. **«MUT»: нажмите для выключения и включения звука.**
14. **«CLK»: нажмите и удерживайте для настройки часов.**
15. **« |◀◀ »: автоматический поиск радиостанции в порядке убывания частоты; выбор предыдущей композиции.**
16. **Встроенный микрофон.**
17. **«1»/« ▶|| »: выбор радиостанции 1; воспроизведение/остановка композиции.**
18. **«2»/«INT»: выбор радиостанции 2; включение режима предпрослушивания.**
19. **«3»/«RPT»: выбор радиостанции 3; повтор одного/всех композиций.**
20. **«4»/«RDM»: выбор радиостанции 4; включение режима случайного воспроизведения.**
21. **«5»/« -10»: выбор радиостанции 5; переход на 10 композиций назад.**
22. **«6»/« +10»: выбор радиостанции 6; переход на 10 композиций вперед.**
23. **Разъем AUX.**
24. **USB порт для накопителей.**

ҚБ пульті



1. Дыбыс деңгейін төмендету батырмасы.
2. «FM режиміне оралу» батырмасы.
3. «Жиіліктің кему ретімен радиостанцияны іздеу / Алдыңғы композиция» батырмасы.
4. «Радиостанцияларды автоматты іздеу» батырмасы.
5. «Қосу/Өшіру» батырмасы.
6. Дыбыс деңгейін арттыру батырмасы.
7. «10 композицияға артқа» батырмасы.
8. «Дыбыссыз» батырмасы.
9. «Жиіліктің өсу ретімен радиостанцияны іздеу / Келесі композиция» батырмасы.
10. Таңдауды растау батырмасы.
11. «FM диапазонын ауыстыру / Қоңырауға жауап беру» батырмасы.
12. «10 композицияға алға» батырмасы.
13. «Режимді ауыстыру / Қоңыраудан бас тарту» батырмасы.
14. «Ойнату/Үзіліс» батырмасы (MP3 ойнату кезінде).

Пайдалану

Құрылғыны қосу/өшіру

Бірінші рет қосқанда құрылғы FM режимінде ойнатуды бастайды. Кейінгі барлық қосуларда ойнатқыш өшірер алдында сақталған позициядан (USB, SD, AUX IN, BT, FM) ойнатуды бастайды, құрылғыны қуат көзінен толық ажырату жағдайларын қоспағанда.

- Қосу: тұтандыру қосулы кезде құрылғыны қосу үшін қуат батырмасын басыңыз.
- Қуатты өшіру: ойнату кезінде құрылғыны өшіру үшін қуат батырмасын басып тұрыңыз.

Жұмыс режимдерін ауыстыру

Дисплейде көрсетілетін әртүрлі ойнату режимдерін таңдау үшін «SRC» батырмасын қайта-қайта басыңыз. Режимдер келесі ретпен ауысады: Радио — USB — SD — AUX IN — BT.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Егер USB/SD қосылмаса, олар қолжетімді режимдерде көрсетілмейді.

Дыбыс деңгейін реттеу

- Ойнатқыш өшірер алдында дыбыс деңгейін сақтайды және қосылғанда ойнатуды берілген дыбыс деңгейімен бастайды.
- Дыбыс деңгейін арттыру үшін дыбыс деңгейі реттегішін сағат тілімен бұраңыз, азайту үшін сағат тіліне қарсы бұраңыз. Дисплейде дыбыс деңгейінің ағымдағы мәні (0-ден 63-ке дейін) көрсетіледі.
- Дыбыс деңгейін өзгерту режимінен шығу үшін кез келген батырманы басыңыз.

Негізгі мәзір

- Басты мәзірге кіру үшін дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз.
- Келесі режимдер арасында ауысу үшін реттегішті айналдырыңыз: AUDIO (Дыбыс) — X OVER (Кроссовер) — DTA SET (Уақыт кідірістерін баптау) — CLOCK (Сағат) — ANIMATION (Анимация) — DEMO MODE (Демо-режим) — TUNER (Тюнер баптаулары) — DISPLAY (Дисплей). Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- Алдыңғы мәзірге оралу үшін «BD/AS» батырмасын басыңыз.

«AUDIO» мәзірінде келесі баптауларға кіру үшін реттегішті басыңыз: SW LEVEL — PRESET EQ — X BASS — 3D SURROUND — BASS — MIDDLE — TREBLE — BALANCE — FADER — AUDIO RST. Басты мәзірге оралу үшін «BD/AS» батырмасын басыңыз.

- **SW LEVEL (сабвуфер деңгейі).** Реттегішті басып, содан кейін -8-ден 0-ге дейінгі деңгейді реттеу үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.

- **PRESET EQ (эквалайзердің алдын ала орнатулары).** Реттегішті басыңыз, содан кейін режимді (USER — NATURAL — POP — CLASSICAL — ROCK — JAZZ — FLAT — SUPERBASS) таңдау үшін оны айналдырыңыз. «USER» режимінде реттегішті басып, жиілікті (25 Гц-тен 20 кГц-ке дейін) реттеу үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **X BASS (бас).** Бас деңгейін реттеу үшін реттегішті басыңыз. Жиілікті (60–300 Гц) және кіріс сигналы деңгейінің күшеюін (0-ден 3-ке дейін) баптау үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **3D SURROUND (3D көлемді дыбыс).** Реттегішті басып, содан кейін көлемді дыбыс режимін қосу/өшіру үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **BASS (төмен жиіліктер).** Реттегішті басып, содан кейін 0-ден 7-ге дейінгі деңгейді реттеу үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **MIDDLE (орташа жиіліктер).** Реттегішті басып, содан кейін 0-ден 7-ге дейінгі деңгейді реттеу үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **TREBLE (жоғары жиіліктер).** Реттегішті басып, содан кейін 0-ден 7-ге дейінгі деңгейді реттеу үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **BALANCE (баланс).** Реттегішті басып, содан кейін балансты L7 (сол жақ 7) мәнінен R7 (оң жақ 7) мәніне дейін реттеу үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **FADER (фейдер).** Реттегішті басып, содан кейін фейдерді R7 (артқы 7) мәнінен F7 (алдыңғы 7) мәніне дейін реттеу үшін оны айналдырыңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **AUDIO RESET (аудиобаптауларды қалпына келтіру).** Жоғарыда көрсетілген барлық аудио параметрлерді қалпына келтіру үшін реттегішті басыңыз.

Акустикалық арналарды баптаудың барлығы 3 режимі бар:

- NET 2-WAY (2 жолақты жүйе);
- NET 3-WAY (3 жолақты жүйе).

Басты мәзірге оралу үшін «BD/AS» батырмасын басыңыз.

NET 4.2 режимі

Дыбыс деңгейі реттегішін басып, айналдыру арқылы FRONT (алдыңғы динамиктер), REAR (артқы динамиктер) және SUBWOOFER (сабвуфер) бөлек баптауға болады.

- HPF FREQ (жоғары жиілікті сүзгі жиілігі): 30 Гц — 800 Гц;
- HPF SLOPE (жоғары жиілікті сүзгі еңісі): -6, -12, -18;
- LPF FREQ (төмен жиілікті сүзгі жиілігі): 630 Гц — 12,5 кГц;
- LPF SLOPE (төмен жиілікті сүзгі еңісі): -6, -12, -18;
- PHASE (Фаза): NORMAL (Қалыпты) / REVERSE (Инверсиялық);
- GAIN (Күшейту): -8-ден 0-ге дейін.

NET 2-WAY режимі
TWEETER (твитерлер), FRONT (алдыңғы динамиктер), REAR (артқы динамиктер) және SUBWOOFER (сабвуфер) баптау.

- GAIN LEFT (сол арнаны күшейту): -8 … 0;
- GAIN RIGHT (оң арнаны күшейту): -8 … 0.

•
- HPF FREQ: 30 Гц — 800 Гц;
- HPF SLOPE: -6, -12, -18;
- GAIN: -8 … 0.

• REAR:
- HPF FREQ: 30 Гц — 800 Гц;
- HPF SLOPE: -6, -12, -18;
- GAIN: -8 … 0.

• SUBWOOFER:
- LPF FREQ: 30 Гц — 800 Гц;
- LPF SLOPE: -6, -12, -18;
- PHASE: NORMAL / REVERSE;
- GAIN: -8 … 0.

NET 3-WAY режимі
TWEETER (твитерлер), MIDDLE (орташа жиілікті динамиктер), WOOFER (вуфер) және SUBWOOFER (сабвуфер) баптау.

- HPF FREQ: 630 Гц — 12,5 кГц;
- HPF SLOPE: -6, -12, -18;
- PHASE: NORMAL / REVERSE;
- GAIN RIGHT: -8 … 0.

• MIDDLE:
- HPF FREQ: 30 Гц — 800 Гц;
- HPF SLOPE: -6, -12, -18.

• WOOFER:
- HPF FREQ: 30 Гц — 800 Гц;
- HPF SLOPE: -6, -12, -18;
- LPF FREQ: 630 Гц — 12,5 кГц;
- LPF SLOPE: -6, -12, -18;
- PHASE: NORMAL / REVERSE;
- GAIN: -8 … 0.

• SUBWOOFER:
- LPF FREQ: 30 Гц — 800 Гц;
- LPF SLOPE: -6, -12, -18;
- PHASE: NORMAL / REVERSE;
- GAIN: -8 … 0.

DTA SET

«DTA SET» мәзірінде келесі баптауларға кіру үшін дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз:

- **CAR TYPE (автомобиль түрі).** Дыбыс деңгейі реттегішін басып, содан кейін автомобиль түрін таңдау үшін оны айналдырыңыз:
  - SMALL CAR (шағын автомобиль);
  - MEDIUM CAR (орташа автомобиль);
  - LARGE CAR (үлкен автомобиль).

Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз; алдыңғы мәзірге оралу үшін «BD/AS» батырмасын басыңыз.

- **POSITION (дыбыс позициясы).** Дыбыс деңгейі реттегішін басып, содан кейін дыбыс орнын таңдау үшін оны айналдырыңыз:
  - CENTER (орталық);
  - FRONT LEFT (алдыңғы сол жақ);
  - FRONT RIGHT (алдыңғы оң жақ) немесе «USER» баптауына кіру арқылы кез келген басқа позиция.
- **DELAY UNIT (кідіріс өлшем бірлігі).** Реттегіш көмегімен дыбыс кідірісін баптаңыз: миллисекунд (MS), сантиметр (CM) немесе дюйм (INCH).
- **DISTANCE (қашықтық).** Дыбыс деңгейі реттегішін басып, содан кейін әр арна үшін қашықтықты баптау үшін оны айналдырыңыз.
- **DTA RESET (DTA қалпына келтіру).** Дыбыс деңгейі реттегішін басып, содан кейін DTA қалпына келтіру үшін оны айналдырыңыз. Жоғарыда көрсетілген барлық DTA баптауларын қалпына келтіруге болады.

Келесі баптауларға кіру үшін дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз:

- **CLOCK FORMAT (уақыт пішімі).** Уақыт пішімін баптау үшін реттегішті басыңыз. 12 сағаттық және 24 сағаттық пішімдер арасында ауыса аласыз.

- **CLOCK ADJUST (уақытты орнату).** Дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз — сағат индикаторы жыпылықтай бастайды. Қажетті мәнді орнату үшін реттегішті айналдырыңыз. Сағатты орнатқаннан кейін реттегішті басыңыз — минут мәні жыпылықтай бастайды. Минутты орнату үшін реттегішті айналдырыңыз. Ағымдағы уақытты растау және алдыңғы мәзірге оралу үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.
- **DATE FORMAT (күн пішімі).** Күн пішімін баптау үшін реттегішті басыңыз. Екі пішімнің бірін таңдай аласыз: ДД.ММ.ГГ немесе ММ.ДД.ГГ.
- **DATE SET (күнді орнату).** Күнді орнату үшін реттегішті басыңыз. Күнді, айды және жылды орнату үшін реттегішті айналдырыңыз.

Анимацияны көрсету уақытын келесі ретпен баптау үшін реттегішті басып, оны айналдырыңыз: Өшірулі — 15 секунд — 30 секунд — 1 минут — 2 минут — 4 минут.

DEMO MODE

Бұл режим құрылғы функцияларын көруге арналған. Демо-режимді қосу/өшіру үшін дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз — дисплейде «OFF»/«ON» мәндері пайда болады. Екі мәннің бірін таңдау үшін реттегішті бұраңыз. Таңдауды растау үшін реттегішті тағы бір рет басыңыз.

«TUNER» мәзірінде келесі баптауларға кіру үшін дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз:

- STEREO (стерео / моно режимін таңдау);
- DX (алыс/жергілікті қабылдау);
- RDS (қосу/өшіру);
  Ескерту: RDS қосу үшін дыбыс деңгейі реттегішін басып, оны айналдыру арқылы TA, AF, EON, PI REG және PTY функцияларын да қосуға/өшіруге болады.
- REGIONAL (аймақ): EUROPE (Еуропа) / USA (АҚШ) / ASIA (Азия) / RUSSIA (Ресей).

Келесі баптауларға кіру үшін дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз:

- **LANGUAGE (тіл).** Реттегішті басып, содан кейін мәзірдің келесі тілдерінің бірін таңдау үшін оны айналдырыңыз: ENGLISH (ағылшын) және RUSSIAN (орыс).
- **MODE SEL (жарықтандыру режимін таңдау).** Реттегішті басып, содан кейін жарықтандырудың жұмыс режимін таңдау үшін оны айналдырыңыз. «MODE 2» басқанда «COLOR SELECT» басу арқылы жарықтандырудың келесі түстерін таңдауға болады: AUTO (Автоматты) — RED (Қызыл) — GREEN (Жасыл) — BLUE (Көк) — YELLOW (Сары) — CYAN (Көгілдір) — PURPLE (Күлгін) — WHITE (Ақ).
- **SPECTRUM (спектр анализаторы).** Реттегішті басып, содан кейін спектр анализаторын қосу/өшіру үшін оны айналдырыңыз.
- **ID3 TAG (ID3-тегтер).** Реттегішті басып, содан кейін ID3-тегтердің көрсетілуін қосу/өшіру үшін оны айналдырыңыз.
- **VERSION (БЖ нұсқасы).** Бағдарламалық жасақтама нұсқасын көрсету үшін дыбыс деңгейі реттегішін басыңыз.

Эквалайзер

Эквалайзер алдын ала орнатылған ойнату баптауларын қолдануға мүмкіндік береді. Келесі ойнату режимдері арасында ауысу үшін «EQ» батырмасын басыңыз: POP (Поп) — CLASSICAL (Классика) — ROCK (Рок) — JAZZ (Джаз) — FLAT (Сызықтық) — SUPER BASS (Супер бас) — USER (Пайдаланушылық) — NATURAL (Табиғи).

Дыбысты өшіру

Дыбыс деңгейін өшіру үшін «MUT» батырмасын басыңыз. Дисплейде «MUT» жазуы пайда болады. Осы батырманы қайта басу дыбысты қайтарады.

Радио режимінде жұмыс істеу

FM/AM диапазонын таңдау

Бұл құрылғы 18 FM және 12 AM станциясына дейін сақтауға мүмкіндік береді.

Работа с диапазонами

Диапазоны

В режиме радио нажимайте кнопку «BD/AS» для переключения диапазонов в сле-

Автоматическая настройка

Автоматическая настройка

В режиме радио нажмите и удерживайте кнопку BD/AS» в течение

Ручная настройка

Ручная настройка

- В режиме радио нажмите и удерживайте кнопку «▶▶|» немесе «|◀◀» батырмасын 2

- Удерживайте

Предустановленные станции

Алдын ала орнатылган станциялар

Вы можете сохранить до 6 станций в каждом диапазоне, а затем мгновенно перейти

1. Включите

2. Настройтесь

3. Станция сақталады және жаңа келген уақытта тиісінфимден батырманы басу

4. Аталмыш диапазонды қабылдау бес батырма үшін және басқа диапазондарды

Работа в режиме воспроизведения MP3

Воспроизведение/Пауза

Ойнату/Пауза

Нажмите кнопку « ▮▮ », чтобы приостановить текущее воспроизведение. Чтобы

Переключение композиций

- Нажмите «▶▶|» или «|◀◀», чтобы перейти к следующей или предыдущей до-

Музыкалық файлды жылдам іздеуүшін « немесе « » батырмасын басып тұрыңыз.

Алдын ала тыңдау композициялары (INT)

- USB/SD ойнату кезінде құрылғыдағы әр тректің алғашқы 10 секундын ойнату үшін «INT» батырмасын басыңыз.
- Қалаған трекке жеткенде алдын ала тыңдауды аяқтап, таңдалған тректі ойнату үшін «INT» батырмасын қайта басыңыз.

Қайталау (RPT)

Ағымдағы тректі қайта ойнату үшін «RPT» батырмасын басыңыз; USB/SD құрылғыларындағы барлық тректі қайталау үшін «RPT» батырмасын тағы бір рет басыңыз.

Кездейсоқ ойнату (RMD)

USB/SD құрылғыларындағы барлық файлды кездейсоқ ойнату үшін «RDM» батырмасын басыңыз. Қалыпты ойнатуды қайта бастау үшін батырманы тағы бір рет басыңыз.

MP3 файлын немесе буманы іздеу

Алдыңғы буманы табу үшін «5» батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз, келесі буманы табу үшін «6» батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз.

USB/SD қосылымы

- Құрылғыға USB немесе SD картасын салғаннан кейін ойнатқыш бар аудиофайлдарды автоматты түрде анықтап, ойнатуды бастайды.
- USB немесе SD құрылғысын шығару үшін басқа ойнату көзін таңдау мақсатында «SRC» батырмасын басып, USB немесе SD құрылғысын ойнатқыштан шығарыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Бұл ойнатқыш негізінен тек MP3, FLAC және WAV пішіміндегі файлдарды ойнатуды қолдайды.

AUX режимі

- «SRC» батырмасын басып, AUX ойнату режиміне кіріңіз.
- Сыртқы құрылғыға қосылу үшін AUX кәбілін (жинаққа кірмейді) пайдаланыңыз.

- AUX режимінде ойнату режимін өзгерту үшін «SRC» батырмасын баса аласыз.

BLUETOOTH-пен жұмыс

- Смартфоныңызда Bluetooth функциясын қосып, құрылғыны іздеуді бастаңыз. Ол «DVO-4121» құрылғысын тапқанда, оған қосылып көріңіз.
- Сізге әдепкі «0000» құпиясөзін енгізу қажет болуы мүмкін.
- Сәтті қосылғаннан кейін автоойнатқыштың дисплейінде «BT ON» жазуы пайда болады. Енді сіз Bluetooth арқылы автоойнатқыш арқылы қоңырау шалып немесе музыка тыңдай аласыз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: DVO-4121.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Типтік өлшемі: 1 DIN.
- Қуат кернеуі: 12 В.
- Ең жоғары қуаты: 4 × 55 Вт.
- Күшейткіш: TPA3116 × 2 (D класы).
- Батырмалардың жарықтандыруы: RGB.
- Дисплей түрі: LCD.
- Радио: бар.
- DSP: бар.
- Көлік рүлінен басқару мүмкіндігі: бар.
- AUX қосқыштары: бар.
- USB қосқыштары: Type-A, Type-C.
- RCA жұптарының саны: 4.
- Эквалайзер жолақтарының саны: 30.
- Қолдау көрсетілетін пішімдер: MP3/FLAC/WAV.
- Алдын ала орнатулар саны: 7.
- Қолдау көрсетілетін жинақтауыштардың ең жоғары сыйымдылығы: 64 Гб.
- Bluetooth стандарты: IEEE 802.15.
- Жиілік диапазоны: 2402–2480 МГц.
- Таратқыш қуаты: 9 дБм.
- FM жиілік диапазоны: 87,5–108 МГц.
- Шаң мен ылғалдан қорғау дәрежесі: IP20.
- Өлшемдері (Е × Т × Б): 186 × 145 × 56 мм.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.

Жинақталым

- Автомагнитола.
- Сыртқы микрофон.
- Қашықтан басқару пульті.
- ISO қосқышы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Ықтимал ақаулар және оларды жою тәсілдері

Ойнатқышты пайдалану кезінде қандай да бір мәселелер туындаса, нұсқаулықты қайтадан мұқият оқып шығып, төмендегі кестені қараңыз. Төменде көрсетілген шаралар мәселені шешуге көмектеспесе, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатып, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Мәселе	Шешім
Құрылғы өшіп қалады	Көліктегі желі кернеуін тексеріңіз. Жабдық тұрақсыз кернеумен жұмыс істей алмайды
Дыбыс жоқ	Дыбыс деңгейі қалыпты деңгейде екенін тексеріңіз
Бөгде шулар	• Антеннаның құрылғыға берік қосылғанын тексеріңіз. • Көлік радиостанциядан алыс, сигнал қабылданбайды. Бұл қалыпты құбылыс, көлік радиостанцияға жақындағанда сигнал пайда болады. • Көлікте ақау бар. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. • Жиілік дұрыс емес қойылған. Жиілікті автоматты немесе қолмен іздеу арқылы тексеріңіз
Төмен дыбыс деңгейі	• Динамиктердің бүтіндігін және олардың қысқа тұйықталуы жоқтығын тексеріңіз. • Қоршаған орта температурасы тым жоғары
Қосылған құрылғы танылмайды	• Құрылғыны қайта қосыңыз. • Қосылған құрылғының зақымдануы бар-жоғын тексеріңіз

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны орнату ережелері мен шарттары осы пайдалану бойынша нұсқаулықтың «Орнату нұсқаулығы» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы +5 °С-тан +40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пункті не кәдеге жаратуға тапсырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және дұрыс емделмеген жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Manufacturer: Jiangmen Voxeast Electronic Co.,Ltd.
Floor 3, Building A, No.63, Tian Yuan Road, Chao Lian, Jiangmeng, China.

Өндіруші: Цзянмэнь Воксист Электроник Ко., Лтд. 3-қабат, А ғим.,
№63, Тянь Юань тасжолы, Чао Лянь, Цзянмэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар ТР ТС (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту мақсатында сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.2

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнім сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету өнім пайдалануышы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.
Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі келесі
мекенжай бойынша:
https://www.dns-shop.kz/service-center/

Кепілдік міндеттемелер мен тегін сервистік қызмет көрсету тауардың жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға, егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеумен байланысты болмаса, қолданылмайды:

- Қашықтан басқару пультінің (ҚБП) элементтері (батареялары).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және олар үшін ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жинақта берілетін әртүрлі түрдегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (өнімнің қатты магнитті дискілердегі жинақтауышына алдын ала орнатылған БЖ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, баулар, тасымалдауға арналған сымдар, монтаждық құрылғылар, құралдар, өнімге қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

Өндіруші мына жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталған.
- Жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған өнім кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылған.
- Өндіруші өнімді пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығы талаптарының бұзылуы, өнімді орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдардың, қосу ережелерінің (өнімнің өзіне де, онымен жұптасқан өнімдерге де сәйкес келмейтін желі кернеуінің әсерінен болған қысқа тұйықталулар), өнімді сақтау мен тасымалдаудың сақталмауы салдарынан өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауап бермейді.
- Өнімді пайдалану барысында алынған механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: жарықшақтар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, ойықтар, мыжылулар және т.б.
- Бөгде түрлендіру, мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттік берілмеген тұлғалардың рұқсатсыз жөндеу іздері бар. Егер ақау өнімнің құрылымын немесе схемасын өзгертуден, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосудан, жергілікті заңнамаға сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің (табиғи апаттар, өрттер, су тасқындары, жер сілкіністері, тұрмыстық факторлар және Өндіруші бақыламайтын өзге жағдайлар) әсерінен немесе Өндіруші алдын ала болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса.
- Ақау өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындап, өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелген.
- Өнімнің сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынбауына байланысты өнімнің бағдарламалық ресурстарына қол жеткізудің болмауына, оларды қалпына келтіру/қайта орнату мүмкіндігінсіз әкелген парольдерді (кодтарды) орнатудан, ауыстырудан немесе жоюдан туындаса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректендіру, кәбіл, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, радиосигнал қуатының, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктері мен басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардың салдарынан, өнімді желі әрекет ету аймағының шекарасында немесе одан тыс пайдаланудан туындаса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі түрдегі ақпарат тасығыштарды (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM-карталарды, картриджерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және соларға ұқсас бағдарламалар) алудан, орнатудан және пайдаланудан туындаса.
- Осы өнімімен жұптасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген зиян бойынша.

